

УДК 342.56:347.961.4

<https://doi.org/10.63546/3005-2246.2024.7.3.007>**ШАРАПАТОВА Гульдана Сермаганбетовна¹**

Заң ғылымдарының кандидаты, Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының профессоры

ШАРАПАТОВ Аскар Ахметтуллаевич

PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Конституция және азаматтық құқық кафедрасының аға оқытушысы

**АТҚАРУ ЖАЗБАҒА ДАУ АЙТУ БОЙЫНША ІСТЕРДІ СОТТА
ҚАРАУ ТӘЖІРИБЕСІ**

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу және нотариаттық тәжірибесіндегі атқарушылық жазба институтының қалыптасуы мен даму эволюциясы қарастырылады. Автор атқарушылық жазбаның құқықтық табиғатын, тарихи негіздерін және сот жүктемесін азайтудағы рөлін талдайды. Сондай-ақ, нотариустардың осы құжатты ресімдеудегі өкілеттігі мен тәжірибеде туындайтын проблемалық мәселелерге шолу жасалады. Атқарушылық жазбаны қолданудың шетелдік тәжірибесімен салыстырмалы талдау жүргізіліп, отандық құқықтық жүйеге бейімделу мүмкіндіктері ұсынылады. Мақалада құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер мен жетілдіру жолдары көрсетіліп, осы институтты одан әрі дамыту бойынша нақты ұсыныстар берілген. Мақалада атқару жазбаға дау айту бойынша істерді сотта қарау барысында туындайтын мәселелер қозғалады. Сотта қаралған нақты істерге сілтеме жасап, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: Даусыз талаптар, заңнаманың қалыптасуы, атқару жазбасы, сот тәжірибесі.

ШАРАПАТОВА Гульдана Сермаганбетовна

Кандидат юридических наук, судья Межрайонного суда по гражданским делам города Астаны, профессор Академии правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

ШАРАПАТОВ Аскар Ахметтуллаевич

Доктор PhD, старший преподаватель кафедры Конституции и гражданского права Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

**ПРАКТИКА РАССМОТРЕНИЯ СУДАМИ ДЕЛ ОБ ОТМЕНЕ
ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ НАДПИСИ**

Аннотация. В данной статье рассматриваются становление и эволюция развития института исполнительной надписи в гражданском судопроизводстве и нотариальной практике Республики Казахстан. Автор анализирует правовую природу исполнительной надписи, её исторические основания и роль в снижении судебной нагрузки. Также рассматриваются полномочия нотариусов по оформлению данного документа и проблемные вопросы, возникающие на практике. Проводится сравнительный анализ с зарубежным опытом применения исполнительной надписи, предлагаются

¹ Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: 717-6367@sud.kz

возможности адаптации к отечественной правовой системе. В статье обозначены актуальные вопросы правоприменительной практики и пути их совершенствования, а также даны конкретные предложения по дальнейшему развитию данного института. В статье поднимаются проблемные вопросы при рассмотрении судами дел об отмене исполнительной надписи. Ссылаясь на конкретные дела, рассмотренные в суде, даются рекомендации по совершенствованию действующего законодательства.

Ключевые слова: Бесспорные требования, становление законодательства, исполнительная надпись, судебная практика.

SHARAPATOVA Guldana

Candidate of legal sciences, Judge of the Interdistrict court for civil cases of Astana, Professor of the Academy of Justice under the Supreme judicial council of the Republic of Kazakhstan

SHARAPATOV Askar

Doctor PhD, Senior lecturer of the Department of constitution and civil Law of the Eurasian national university.

PRACTICE OF CONSIDERATION OF CASES ON CANCELLATION OF EXECUTIVE INSCRIPTION BY COURTS

Annotation. *This article examines the formation and evolution of the institution of the writ of execution in the civil procedure and notarial practice of the Republic of Kazakhstan. The author analyzes the legal nature of the writ of execution, its historical foundations, and its role in reducing the court workload. The article also reviews the powers of notaries in issuing this document and the practical issues that arise. A comparative analysis is conducted with international practices, and possibilities for adapting them to the domestic legal system are proposed. The article highlights current issues in law enforcement practice and suggests ways to improve the institution, offering concrete proposals for its further development. The article raises problematic issues when courts consider cases on annulment of an executive inscription. Referring to specific cases considered in court, recommendations for improving the current legislation are given.*

Keywords: *Undisputed requirements, the development of legislation, writ of execution, judicial practice.*

Кіріспе.

«Даудың мұраты – біту» деп билеріміздің берік ұстанған қағидасы қазіргі таңға дейін өз өзектілігін жоғалтпай келеді. Сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін енгізу ел президенттерінің назарынан түскен емес. Сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізу мәселесі Судьялар одағының V съезінде көтерілген болатын ¹.

Азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін енгізу туралы еліміздің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі құқықтық саясат тұжырымдамасында қамтылған болатын [1].

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың судьялардың V съезіндегі сөзі (Астана қаласы, 18 қараша 2009 жыл), https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30510310

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру жөніндегі шаралардың бірі ретінде соттан тыс тәртіптегі түрлі жолдар мен тәсілдерді дамыту қарастырылған [2].

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында сот жүйесін жаңғырту жөніндегі жұмыс мынадай бағыттар бойынша жалғастыруды талап етеді: дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы болып табылады, өйткені бұл институт қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етеді және соттарға жүктемені азайту арқылы сот төрелігін іске асыру сапасын арттырады делінген [3].

Осы орайда, сот жүктемесін оңтайландыру, дауды шешудің соттан тыс тәсілдерін ұлғайту мақсатында нотариат туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізіліп, атқару парағы негізінде берешекті өндіріп алу жүргізілетін даусыз талаптар нотариустардың ведомстволығына берілді. Атқару парағы негізінде берешекті өндіріп алу енгізілгеннен кейін сотта істердің жаңа түрлері пайда болды. Бүгінгі күні атқару жазбасы атқару құжаты болғандықтан атқару өндірісі барысында оны мәжбүрлі орындатуға қатысты инструменттерді реттеуде қолданыстағы заңнама жеткіліксіз болып тұр, сол себепті атқару жазбасына қатысты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажеті туындап отыр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу атқару жазбасына қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және сот тәжірибесі негізінде жүргізілді. Мақаланы жазу барысында келесі әдістер қолданылды: жалпы ғылыми (талдау, синтез), арнайы (құқық қолдану тәжірибесін зерттеу), танымдық әдістер.

Нәтижелер, Талқылау

Атқару жазбасының тарихи қалыптасуы азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасымен тығыз байланысты. Оны атқару жазбасының даусыз талаптар бойынша шығарылатындығы әрі атқару құжаты болып табылатындығымен түсіндіруге болады.

Нотариустардың атқару жазбасын жасауы 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) алғашқы редакциясында қарастырылған. Заңның 34-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттердің қатарында атқару жазбасын жасау болған.

Алғашқы уақытта атқару жазбасын жасаудың тәртібі 1998 жылғы 28 шілдедегі № 539 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі туралы Нұсқаулықпен реттелді. Нұсқаулықтың 298-тармағына сәйкес атқарушылық жазба негізінде даусыз тәртіпте өндіріп алу жүргізілетін құжаттардың тізімі Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітіледі және кең талқылауға жатпайды делінген. Атқарушылық жазба келесі жағдайларда: егер ұсынылған құжаттар берешектің даусыз екенін растайтын болса; егер талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт өтсе, жасалады. Атқару жазбасын оны жасаған уақыттан бастап үш жыл ішінде мәжбүрлі орындауға ұсынуға болатын.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы № 253 Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес атқару жазбасы атқару құжаты болып табылды.

Дегенмен, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк құпиясы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2000 жылғы 29 наурыздағы № 42-II Қазақстан Республикасының Заңымен атқару жазбасын жасау нотариаттық іс-әрекеттер және атқару құжаты тізімдерінен алынып тасталды.

2015 жылғы 31 қазанда қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі - АПК) қабылданып, оған ілеспе ретінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 378-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңмен он бес жыл өткеннен кейін атқару жазбасы қайтадан нотариаттық іс-әрекеттер және атқару құжаты тізбелеріне енгізілді.

Заңның 92-1-бабына сәйкес атқарушылық жазбалар негізінде берешекті өндіріп алу даусыз тәртіппен жүргізілетін талаптар тізбесі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің [135-бабының](#) 1), 2), 3), 4), 10), 11) және 17) тармақшаларында белгіленді. Сол уақытта әрекет еткен АПК-нің редакциясына сәйкес бұл келесі талаптар: нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттемелерді орындау туралы; орындау мерзімі жеткен және міндеттеменің орындалмауын борышкер мойындаған, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген кінә қоюға жауапта мойындаған жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы; төленбеген вексельдің наразылығына, акцептінің болмауына және нотариус жасаған акцептінің күні белгіленбеуіне негізделген міндеттемені орындау туралы; әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы; қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған міндетті шығыстарға қатысудан жалтарған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы; іс жүзінде тұтынылған қызметтер (электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау және басқалары) үшін жария шарттардың, сондай-ақ төлеу мерзімі жеткен, белгіленген тарифтерге сай көрсетілген қызметтер үшін өзге де шарттардың негізінде берешекті өндіріп алу туралы; жалдау төлемдерінің жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты оларды өндіріп алу туралы талаптар болатын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңымен Нотариат туралы Заңның 92-1 бабына өзгерістер енгізіліп, атқару парағы негізінде берешекті өндіріп алу жүргізілетін даусыз талаптар тізімі кеңейтілді.

Атқару жазбасына қатысты келесі өзгерістер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 29 маусымдағы № 352-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңымен енгізілді. Осы Заңмен Нотариат туралы Заңның 92-1-бабының 3-тармағы келесі редакцияда жазылды: «егер тұрақсыздық айыбы (өсімпұл), пайыздар тиесілі болса оларды өндіріп алу, банк заемдарын қоспағанда, борышкер орындалмаған міндеттемені жазбаша мойындаған кезде атқарушылық жазба негізінде жүргізіледі. Атқарушылық жазбаны жасау, егер шартта тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды), пайыздарды өндіріп алудың өзге тетігі көзделмесе, борышкер орындалмаған міндеттемедегі кінәсін мойындаған кезде, орындалмаған міндеттемедегі кінәсін мойындау фактісін нотариус растаған кезде жүзеге асырылады.».

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 84-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Заңның 92-1

бабының 2-тармағының 1) және 9) тармақшалары келесімен толықтырылды: 1) нотариатта куәландырылған мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы, оның ішінде осы Заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда нотариус сотқа дейін реттеу тәртібімен куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы; 9) қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақыны және өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы, оның ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын өндіріп алу туралы; 10) партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған, дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 15 ақпандағы № 5-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Заңның 92-1 бабы нотариус борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін нотариус тиісті белгі қойылатын, берешекті белгілейтін төлнұсқа құжат көрсетілген кезде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы атқарушылық жазбаны электрондық түрде жасайтын болды.

2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңымен нотариустардың атқару жазбасын жасауға қатысты өзгерістер енгізілген алғашқы кездері нотариустар атқару жазбасын дауды шешудің баламалы тәсілі ретінде қабылдады. Осы орайда республика соттары осы атқарушылық жазба инструментін практикада қолданылуын енгізу үшін көптеген жұмыстар атқарды. Астана қалалық соты Астана қаласының нотариаттық палатасымен бірігіп дөңгелек үстел, конференциялар ұйымдастырды, туындаған сұрақтарды жұмыс тәртібінде шешіп отырды. Тұрғындарға Заңның 92-1 бабында қарастырылған даусыз талаптар бойынша атқару жазбасын жасау нотариустардың ведомствосына жататындығын, атқарушылық жазба негізінде дауларды шешу соттан тыс реттеу тәсілі екендігін барынша ақпараттық құралдар арқылы таратып отырды. Нотариустардың жасаған атқару жазбасының күшін жою туралы істерді сотта қарау тәжірибесіне талдау, қорытулар жүргізіп, проблемалық мәселелерді көтерді. 2022 жылғы 26 мамырда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулы қабылдады (бұдан әрі – Нормативтік қаулы).

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 364-бабының талаптарына сай атқару жазбаға дау айту нотариус орналасқан жердегі сотқа беріледі.

Нормативтік қаулының 5-тармағына сәйкес нотариустың орналасқан жері нотариустың есептік тіркелген мекенжайы болып табылады. Сондықтан, атқару жазбаға дау айту нотариустың есептік тіркелген мекенжайы бойынша орналасқан сотқа беріледі.

Егер атқарушылық жазбаны жасаған нотариус өз қызметін тоқтатса, шағым осы нотариустың соңғы орналасқан жері бойынша нотариаттық палатаның өкілін іске мүдделі тұлға ретінде қатысуға тарта отырып, сотқа беріледі.

Дегенмен, тәжірибеде, арызданушылардың атқарушылық жазбаны жасаған нотариус өз қызметін тоқтатқан жағдайда оның жеке тұлға ретінде соңғы тұратын жері бойынша сотқа жүгінуі орын алады, яғни нотариустың нотариус ретінде есептік тіркелген мекенжайы мен жеке тұлға ретінде тіркелген мекенжайын шатастырып жатады. Шағым нотариустың нотариаттық әрекетті немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тартуына түскендіктен оның нотариус ретінде есептік тіркелген мекенжайы бойынша берілуі тиіс. Осы орайда, жергілікті жерлерде орналасқан нотариаттық палаталар тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізсе екен деген тілек бар.

Нормативтік қаулының 5-тармағына сәйкес нотариаттық әрекеттерге шағымдану туралы істер азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатындығы көрсетілген. Себебі, нотариустың

әрекеттеріне шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қағидалары бойынша шағым жасалуы мүмкін мемлекеттік органның лауазымды адамы болып табылмайды. Сондай-ақ, нотариус заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайды, сондықтан заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың нотариаттық әрекеттерге шағымдары бойынша істер мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығына жатпайды.

АПК-нің 152-бабы 1-тармағының 1 тармақшасына сәйкес егер талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса судья талап қоюды қайтарады.

АПК-нің 279-бабының 1 тармақшасына сәйкес сот, егер талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса талап қоюды қараусыз қалдырады.

Заңның 92-6 бабының 2 тармағына сәйкес борышкер атқарушылық жазбаның көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған нотариусқа хабарламасы бар мәлімделген талапқа қарсы қарсылығын жазбаша түрде жіберуге құқылы.

Заңның 92-8 бабының 2 тармағына сәйкес егер жасалған атқарушылық жазба борышкердің қарсылығы бойынша нотариустың қаулысымен күшін жоймаса, оған дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Демек, арызданушы сотқа нотариустың жасаған атқару жазбасына дау айтуға дейін нотариусқа жүгінуі керек. Атқарушылық жазбаны жасаған нотариусқа талапқа қарсы қарсылығын жолдамау сотқа түскен шағымды қайтаруға негіз болады. Статистикалық деректерге сәйкес 2023 жылы республика соттарына осы категория бойынша түскен шағымдардың 14,3 % сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу тәртібін сақтамағандықтан қайтарылған [4].

Статистикаға жүгінсек, нотариустардың атқару жазбасын жасауы жылдан жылға артып келеді. Республикалық нотариаттық палатаның мәліметтері бойынша, республика нотариустары 2016 жылы бар болғаны 1 000 атқару жазбасы жасаса, 2017 жылы - 25 мың, 2018 жылы – 250 мың [5], 2019 жылы – 753 мың, 2020 жылы – 803 мың, 2021 жылы – 1 277 195, 2022 жылы – 1 678 146 атқарушылық жазбасын, 2023 жылы – 2 022 335 атқарушылық жазбасын орындаған [4].

2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңымен енгізілген нотариустардың атқару жазбасын жасайтын даусыз талаптары тізімінің кеңеюі сотта қаралатын істердің жаңа категорияларының пайда болуына әкелді. Бүгінгі таңда сотта аталған категория бойынша келесі даулар қаралады: атқару жазбасының күшін жою туралы; атқарушылық жазбаны толық не бір бөлігінде орындауға жатпайтынын тану туралы; нотариустың атқару жазбасын жасаудан бас тартуын заңсыз деп тану туралы; берешекті өндіру туралы істер (Заңның 92-1 бабы 2-тармағында қарастырылған даусыз талаптар бойынша нотариус атқару жазбасының күшін жойған немесе атқару жазбасын жасаудан бас тартқан жағдайда).

Бүгінгі күні соттарда атқару жазбаға дау айту бойынша істерді қарау бойынша тәжірибе біршама қалыптасқан деп айтуға болады.

Атқару жазбасының күшін жою туралы істер ерекше өндіріс тәртібімен қаралады.

АПК-нің 304-бабының 2 бөлігіне сәйкес егер арыз берген немесе істі ерекше іс жүргізіп қарау кезінде соттың ведомстволығына құқығы туралы даудың бар екендігі туралы белгілі болса, сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады, онымен тараптар мен мүдделі тұлғаларға олардың талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну құқығы түсіндіріледі.

Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 6 Нормативтік қаулысының 4 тармағына сәйкес АПК-нің 366-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер шағым беру кезінде немесе істі қарау кезінде мүдделі тұлғалар арасында жасалған нотариаттық әрекетке негізделген құқық туралы дау белгілі болса, сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарып, онда арыз берушіге және басқа да мүдделі тұлғаларға дауды талап қою ісін жүргізу тәртібімен шешу құқығын түсіндіреді.

Егер атқарушылық жазба жасалған кезде өндіріп алушы мен борышкердің арасында сот дауы болса, сот мәмілені жарамсыз деп таныса, борышкер борышты ішінара немесе толық өтесе не құқық туралы даудың бар екенін куәландыратын өзге де мән-жайлар болса, мұндай дау талап қою ісін жүргізуде қаралуы тиіс. Қарау нысанасы борышкердің өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны толық не бір бөлігінде орындауға жатпайтынын тану туралы талабы болады.

Солай бола тұра, арызданушылар сотқа жүгінген кезде, борышты ішінара немесе толық өтегенін, не құқық туралы даудың бар екенін куәландыратын өзге де мән-жайларды алға тартып, атқару жазбасының күшін жоюды сұрайды. Бұндай істер көп жағдайда атқару жазбасын мәжбүрлі орындауға бергеннен кейін жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеуден жалтару мақсатында беріледі. Істі сотта қарау барысында келтірілген мән-жайлар анықталған жағдайда, сот, атқару жазбасының күшін жоймай, соттың ведомстволығына құқығы туралы даудың бар екендігі туралы белгілі болса, сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарып, арызданушыға атқарушылық жазбаны толық не бір бөлігінде орындауға жатпайтынын тану туралы талаппен сотқа жүгіну құқығы түсіндіреді.

АПК-нің 364-бабы 1 тармағына сәйкес жасалған нотариаттық әрекетті немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тартуды дұрыс емес деп санайтын мүдделі тұлға бұл туралы нотариус немесе нотариаттық әрекет жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адам тұрған жер бойынша сотқа шағым беруге құқылы.

Заңның 92-6-бабының 2-тармағына сәйкес борышкер атқарушылық жазбаның көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған нотариусқа хабарламасы бар мәлімделген талапқа қарсы қарсылығын жазбаша түрде жіберуге құқылы.

Аталған нормалардан сотқа атқару жазбасының күшін жою туралы арызбен тек борышкер жүгіну тиіс екендігін көреміз. Тәжірибеде сотқа үшінші тұлғалардың атқару жазбасының күшін жою туралы арызбен жүгінетін жағдайлары кездесіп жатады.

Мысал ретінде келтірсек, «К» акционерлік қоғамының нотариус Г.-ға 2021 жылғы 27 қаңтардағы О.-дан А.-ның пайдасына жалақы бойынша қарызын өтеу туралы атқару жазбасының күшін жою туралы арызымен сотқа жүгініп, өзінің мүдделі тұлға екенін, О-ға қатысты және басқа тұлғалардан 65 295 315 теңге ақша сомасын өндіріп алу туралы атқару өндірісі бойынша өндіріп алушы екендігін, олардың пайдасына қарыз сомасын өндірудің толықтығы мен мүмкіндігі тікелей атқару жазбасына байланысты екендігімен негіздеді. Дегенмен, арызданушының тиісті еместігінен 2021 жылғы 17 ақпандағы Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының ұйғарымымен «К» акционерлік қоғамының нотариус Г.-ға әрекетті заңсыз деп тану және атқару жазбасының күшін жою туралы арызы қараусыз қалдырылды.

Атқару жазбасының күшін жою туралы арыз ерекше өндірісте қаралатындықтан, нотариустың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне келтірілген шағымды қарау кезінде АПК-нің дауды медиациялық тәртіппен реттеу, эксаумақтық соттылық бойынша жіберу, сот шешімін орындауды бұру туралы нормаларының қолданылуына жол берілмейді. Сот тәжірибесінен келесі мысалдарды келтірейік.

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына арызданушы Ш. жеке нотариус И. жасаған атқару жазбасына дау айтып, атқару жазбасының күшін жою туралы арызбен жүгінген. 2024 жылғы 06 наурыздағы осы соттың ұйғарымы негізінде арызданушы Ш., нотариус И. соттылықты өзгерту туралы өтінішхаты қанағаттандырылып, іс эксаумақтық соттылық бойынша Қарағанды қаласы, Өліхан Бөкейхан ауданының №2 сотына жолданды. 2024 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ұйғарымымен Қарағанды облыстық сотының Төрағасының ұсынымы бойынша қаралған Ш.ның нотариус И.дың жасаған атқару жазбасына келтірген шағымы бойынша азаматтық ісі ерекше өндірісте қаралатын істерді эксаумақтық соттылық бойынша жіберуге болмайтындықтан Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына соттылығы бойынша жолданды.

2019 жылғы 06 желтоқсандағы Павлодар қалалық сотының ұйғарымымен дауды медиациялық тәртіппен реттеу туралы келісім бекітілді, келісім шарттарына сәйкес арызданушы өзі берген қарсылығы үшін 0,03 АЕК төлейді, ал нотариус жасаған атқару жазбасының күшін жояды. Бұл кемшіліктерге ҚР Жоғарғы Соты 2021 жылғы Нотариустардың атқару жазбасының күшін жою туралы істері бойынша сот тәжірибесін қорыту жүргізгеннен кейін жол берілген жоқ. Кейін ҚР Жоғарғы Соты Нормативтік қаулыда бұл жөнінде арнайы көрсетті. Нормативтік қаулының 20-тармағында нотариаттық әрекетке не оны жасаудан бас тартуға шағымды қарау ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады, осыған байланысты татуластыру рәсімдерін қолдана отырып, дауды реттеуге жол берілмейді делінген.

Нормативтік қаулының 19-тармағына сәйкес атқарушылық жазба бойынша кейіннен күші жойылған берешек өндіріп алынған жағдайда, борышкер өндіріп алушыға атқарушылық жазба бойынша өндіріп алынғанды қайтару (негізсіз баю) туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы. Мұндай талап орындалуға жатпайтын атқарушылық жазбаны тану туралы талап қоюмен бір мезгілде не жеке талап қоюды беру арқылы мәлімделуі мүмкін. Яғни, атқару жазбасын орындауды бұруға жол берілмейтіндіктен, борышкердің бұзылған құқығы атқарушылық жазба бойынша өндіріп алынғанды қайтару (негізсіз баю) туралы талап қою құқығы арқылы сотта қорғалады.

Атқару жазбасы атқару құжаты болып табылады. Дегенмен, сот шешімін орындау барысында қолданылатын АПК-нің кейбір нормалары атқару жазбасын орындау кезінде қолданыла бермейді.

Мысалы, АПК-нің процестік құқық мирасқорлығы (53-бап), шешімді орындауды кейінге қалдыру және оның мерзімін ұзарту, шешімді орындатуға жібергенге дейін оны орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту (238-бап), Сот шешімін орындауды кейінге қалдыру және оның мерзімін ұзарту, оны орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы т.б. нормалары атқару жазбасын орындау барысында қолданылмайды.

Бұл орынды да, себебі, АПК-нің 53-бабына сәйкес даулы немесе сот шешімімен белгіленген құқықтық қатынастардан тараптардың біреуі шығып қалған жағдайда (адамның қайтыс болуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, талапты басқаға беру, борышты аудару және даулы материалдық құқықтық қатынастардағы тұлғалардың басқа да ауысу жағдайлары) сот сол тарапты оның құқық мирасқорымен ауыстыруға жол береді. Құқық мирасқорлығы процестің кез келген сатысында мүмкін болады. Аталған нормадан, құқық мирасқорлық соттың өндірісіндегі іс бойынша немесе сот шығарған сот шешімі негізінде орын алатынын көруге болады. Ал, атқару жазбасы ол сот актісі болып табылмайды, сондықтан осы құжат бойынша АПК-нің құқық мирасқорлықты реттейтін нормасын қолдану мүмкін емес.

Атқару жазбасы бойынша құқық мирасқорлық, сот шешімін орындауды кейінге қалдыру және оның мерзімін ұзарту, оны орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы нормаларды қолдана алмайтын себептер ретінде төмендегіні көрсете аламыз: арыздарды қараудың

соттылығы анықталмаған. Бұндай істер келесі соттардың соттылығына жатуы мүмкін: 1) атқару жазбасын шығарған нотариустың нотариус ретінде есептік тіркелген мекенжайы бойынша, 2) борышкер мекен-жайы бойынша; 3) өндіріп алушының мекен-жайы бойынша; ұсынылған атқару жазбасының түпнұсқалығы туралы мәселе, заңды күші мәселесі; атқару жазбасын жасаудың заңдылығы мәселесі туындайды.

Ол негізсіз де емес, оған келесі мысалды келтірейік. Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2023 жылғы 30 маусымдағы ұйғарымымен жеке сот орындаушысы М.-ның борышкердің жылжымайтын мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы ұсынымын қанағаттандырудан бас тартылды. Ұсыным құжаттарынан, атқару өндірісі 2023 жылғы 31 наурыздағы Астана қаласының нотариусы «А» ЖШС-дан П.ның пайдасына 2015 жылғы 09 қыркүйек пен 2023 жылғы 28 ақпанға дейінгі аралықта 80 млн. теңге қарыз сомасын, 163 385 теңге атқару жазбасын жасау бойынша нотариустың шығының өндіру туралы атқару жазбасы негізінде қозғалған. Ұсынымға атқару жазбасын жасауға негіз болған «А» ЖШС-нің П.-ға жолдаған наразылығына жауабынан 2015 жылғы және оған қосымша жасалған келісім аясында орын алған қарызды қайтару жөнінде, 2023 жылғы 28 ақпанға дейін аталған соманы қайтаратындығы және мойындайтындығы жөнінде берген жауабы ұсынылды. Бұл жауапта аталған қарыз сомасы мүлікке келтірілген зиян, айыппұл және моральдық зияннан тұратындығы көрсетілген. Өндіріп алудың сомасын айтпағанда, айыппұл және заңды тұлғаның пайдасына моральдық зиянды өндіру бөлігінде атқару жазбасының заңдылығы күмән тудырады. Себебі айыппұл бұл шарттық қатынастардан туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету шарасы болып табылса, заңды тұлғалардың пайдасына моральдық зиян өндіруге жатпайды. Дегенмен, атқару жазбасы атқару құжаты болғандықтан атқару жазбасы негізінде құқық мирасқорлығы, орындау тәсілі мен тәртібін өзгертуді қолдануды реттейтін қолданыстағы заңнама жетілдіруді қажет етеді.

Атқару жазбасына қатысты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныс ретінде келесіге тоқтағым келеді. Нотариустар өздері шығарған атқару жазбасының күшін жойған кезде өндіріп алушы қарыз сомасын өндіру үшін сотқа жүгінетін жағдайлар орын алады. Бұл істер татуласу рәсімдері жүргізілетін істерге жатады. Тараптар сотқа келіп түскен талап қоюлар бойынша арнайы шақыру арқылы татуласу рәсіміне шақырылады. Әдетте, микроқаржы ұйымдарынан немесе коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздары бойынша татуласу рәсімін өткізу барысында жауапкерлер алған сомасын дауламаған жағдайда, осы арыздар бойынша татуласу рәсімін өткізетін судья сот бұйрығын шығару арқылы істі қарау мүмкіндігін қарастырып, оңайлатылған тәртіпте істі қарау шеңберін кеңейтуге болады деп ойлаймын.

Қорытынды.

Сонымен, сотта атқару жазбасына дау айту бойынша істерді қарауда тәжірибе біршама қалыптасты десек те, атқару жазбасын жасау бойынша заңнаманы жетілдіруді талап ететін тұстары барын айтқымыз келеді. Атап айтқанда атқару жазбасы бойынша құқық мирасқорлығы, атқару жазбасын орындауды кейінге қалдыру немесе оның мерзімін ұзарту, оны орындаудың тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы инструменттерді заңнамалық деңгейде реттеу қажеттігі туындап отыр.

Пайдаланылған қайнар көздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығы (күшін жойған).
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009

жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы (күшін жойған).
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>

3. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>

4. Нотариаттық іс-әрекеттерге шағымдарды қараудың сот тәжірибесі, оның ішінде 2023 жылғы атқарушылық жазбаның күшін жою туралы талдау.

5. Обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел об отмене исполнительной надписи нотариусами за 2019-2020 годы и 6 месяцев 2021 года.

REFERENCES

1. Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығы (күшін жойған).

2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы (күшін жойған). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>

3. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>

4. Нотариаттық іс-әрекеттерге шағымдарды қараудың сот тәжірибесі, оның ішінде 2023 жылғы атқарушылық жазбаның күшін жою туралы талдау.

5. Obobshhenie suddebnov praktiki rassmotreniya grazhdanskih del ob otmene ispolnitel'noj nadpisi notariusami za 2019-2020 gody i 6 mesjacev 2021 goda.